



Оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарының сырттай конференциясын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

**Тақырыбы: «COVID-19 және басқа да жұқпалы аурулармен күрестегі
сумен жабдықтау, санитария және гигиенаның (ССГ) рөлі»**

1. Жалпы ережелер:

Мақсаты: Сумен жабдықтау, гигиена және санитария (ССГ) мәселелерін шешу үшін зерттеу қызметіне тарту арқылы оқушылардың зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту.

Міндеттері:

- гигиена ережелерін толық сақтау мүмкіндігі үшін халықты қауіпсіз сумен және санитариямен қамтамасыз ету мәселелерін зерделеуге оқушылардың уәждемесін қалыптастыру;
- оқушыларды ойлау, байқау және шығармашылық дербестігін дамытуға ықпал ететін зерттеу және тәжірибелік қызметке тарту.

2. Конференция ұйымдастырушысы: «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ.

3. Конференцияға қатысушылар: Қарағанды қаласының жалпы орта білім беру мекемелерінің 5-11(12) сынып оқушылары.

4. Конференция шарттары:

Конференцияға электронды мәтіндік форматта (Microsoft Office Word) және презентация түрінде (Microsoft Office PowerPoint) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыстар (шолу, зерттеу, репортаж және т.б.) қабылданады. Жұмыс көлемі А4 форматындағы 5-6 беттен аспауы тиіс. Сондай-ақ, ССГ саласында қолдануға болатын жеке жасалған макеттермен, аспаптармен, конструкциялармен және құрылғылармен фото және бейне материалдар ұсынылуға болады.

5. Бағалау критерийлері: мазмұны мәселеге сәйкес, зерттеу элементтерінің болуы, өзіндік ерекшелігі, сауаттылығы және дизайны.

6. Конференцияны өткізу тәртібі:

- Ұйымдастыру комитеті қатысуға өтінімдер мен конкурстық материалдарды 2022 жылдың 10-15 наурыз аралығында қабылдайды. Материалдар мына мекенжай бойынша электрондық поштаға жіберілуі тиіс: OmarovaA@qmu.kz
- 16.03.2022 ж. сағат 10.00-ден бастап ұйымдастыру комитеті конференция бағдарламасын конференцияның барлық қатысушыларына және олардың жетекшілеріне жібереді.
- Конференция 17.03.2022 ж. сағат 15.00-де ZOOM электрондық платформасы негізінде ONLINE өткізіледі. Сөз сөйлеу регламенті – 5-7 минут.
- 18.03.2022 ж. бастап конференцияға қатысушылар өздерінің электронды мекен-жайларына дипломдар мен сертификаттар алады.

Өтінім формасы:

1. Қала
2. Оқу мекемесінің атауы және/немесе нөмірі
3. Жұмыс тақырыбының атауы
4. Автордың аты-жөні (толығымен!), сынып, ұялы телефон нөмірі, электронды мекен-жай
5. Жетекшінің аты-жөні (толығымен!), лауазымы, ұялы телефон нөмірі, электронды мекен-жай.

7. Қатысушының ұйымдастыру жарнасы: талап етілмейді.

8. Ұйымдастыру комитеті:

1. Омарова Алуа Ораловна, PhD, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ қауымдастырылған профессоры. Тел.: +7 778 867 66 00, email: OmarovaA@qmu.kz
2. Калишев Марат Гузаирович, м.ғ.к., доцент, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ профессоры. Тел.: +7 705 300 00 97, email: Kalishev@qmu.kz

